

## **2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

### **Білім беру үйимы «Балдаурен»\_шагын орталығы**

**Топ: ересек**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (аиды, жылды көрсету): Қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы**

| <b>аиды</b>     | <b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>   | <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>   |
|-----------------|------------------------------------|--|
| <b>Қыркүйек</b> | Дене шынықтыру<br>(аптасына 3 рет) | <b>Негізгі қимылдар.</b> Сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен алмастыру,. Өкшемен жүру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру (2-3 рет 10 рет секіру, жүрумен кезектесу). 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тұра бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу. Доптарды бір-біріне домалату. Бір-бірден сапқа тұру. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.  |
| <b>Қыркүйек</b> | Сөйлеуді дамыту                    | <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b><br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және ұнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br><b>Сөздік қор.</b><br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін сөйлеуде қолдану.<br><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b><br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету.<br><b>Байланыстырып сөйлеу.</b><br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. |
|                 | Көркем әдебиет                     | Балалардың түрлі әрекеттерінде ертеғілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуда, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуда, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауда, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.   |

|                        |  |
|------------------------|--|
| <p><b>Кыркүйек</b></p> | <p>Қазақ тілі аптасына 1 рет</p> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b><br/>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br/><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b><br/>Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.<br/><b>Сөздік қор.</b><br/>Қоршаған ортадағы заттар мен есімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табигат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br/>Тілдің грамматикалық күрылымы.<br/>Сөздерді жіктең, тәуелден, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз турін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданабілуге үйрету.<br/><b>Байланыстырып сөйлеу.</b><br/>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бүйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру.</p> |
| <p><b>Кыркүйек</b></p> | <p>Математика негіздері</p> <p><b>Жиын:</b> Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.<br/><b>Сан, санау.</b><br/>2-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br/>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br/><b>Шама:</b> Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br/>Ұзындығы, ені бойынша екі затты салыстыру<br/><b>Геометриялық фигуралар.</b><br/>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып атай білуге үйрету.<br/><b>Кеңістікті бағдарлау.</b><br/>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, онға-</p>   |

|          |                         |  |
|----------|-------------------------|--|
|          |                         | <p>солға, жоғары-төмен).</p> <p><b>Ұақытты бағдарлау.</b></p> <p>Тәулік бөліктері (таңертен, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұымдарын кеңейту.</p>  |
| Қырқүйек | Сурет салу              | <p>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға қызығушылықты дамыту.</p> <p>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.</p>   |
|          | Мұсіндеу                | <p>Ермексаз, сазбалышық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мұсіндеу.</p> <p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мұсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p> <p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мұсіндеуге баулу.</p>   |
|          | Жапсыру                 | <p>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қиу және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді жапсыру дағдыларын қалыптастыру.</p>   |
|          | Құрастыру               | <p><b>Құрылым материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.</b></p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлдененін орналастыру.</p> <p><b>Қағаздан құрастыру.</b></p> <p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парагын ортасынан бүктеп, шиыршықтан, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>табиғи материалдардан жасалған бүйімдарымен таныстыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдал, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p> |
|          | Музыка (аптасына 1 рет) | <p>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p><u>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аландамай сонына дейін тыңдау).</u></p>  |

|          |  |
|----------|--|
|          | <p><b>Ән айту.</b><br/>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қымылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қымылдар.</b><br/>Би қымылдарын, ойындағы музыкалық қымылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру,</p> <p><b>Билер.</b><br/>Әуенниң көңілді сипатын қабылдауға үйрету,<br/>Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қымылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қымылдарды қолдану. Би қымылдарын, ойындағы музыкалық қымылдарды орындауға қызығушылық тудыру. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p>  |
| къркүйек | <p>Коршаған ортамен таныстыру</p> <p>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек баларетінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әнгімеледеу, өзінің жақындарына мактаныш сезімін білдіру.</p> |

**Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.**

| <b>Айы</b> | <b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b> | <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>  |
|------------|----------------------------------|---|
| Қазан      | Дене шынықтыру                   | <ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;</li> <li>- дене қасиеттерін қалыптастыру: ептілік, қозғалыстарды үйлестіру, шыдамдылық, тепе-тендікті сақтау, икемділік;</li> <li>- түрлі қимыл біліктері мен дағдылары арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту;</li> <li>- жүру мен жүгіруде, секіру мен лақтыруда, қағып алуда, еңбектеу мен өрмеледе негізгі қимыл түрлерін, жеке гигиена дағдыларын және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;</li> <li>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу,</li> <li>- түрлі ұлттық қимылды ойындарды, жарыс сипатындағы ойындарды өткізу.</li> </ul> <p>2) жүгіру. Қалыпты, аяқтың ұшымен, тіzenі жоғары көтеріп; ұсақ және алшақ адыммен, сапта бір-бірден және жүппен, түрлі бағытта, бытырап жүгіру. Жетекшінің ауысуымен, қарқынды жылдамдатып және ақырын жүгіру. Жай қарқында үздіксіз жүгіру; 50–60 метрге жүгіру. 5 метрден 3 рет жүгіру. Түрлі бағытта жүгіру, қағып алып жүгіру;</p> <p>3) секіру. Бір орында тұрып екі аяқпен секіру, алға ұмтыла секіру, бір орында тұрып онға, солға бұрылып секіру, аяқты бірге, алшақ қойып, біреуін – алға, екіншісін – артқа қойып, бір орында тұрып секіру. Затты жанау</p> |

|                 |  |
|-----------------|--|
|                 | <p>арқылы орнынан жоғары секіру; биіктігі 5–10 см 2–3 заттың үстінен кезектесе секіру; 20–25 см биіктікten секіру; бір орында тұрып, ұзындыққа 4–6 сзықтың үстінен секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см);</p>   |
| Сөйлеуді дамыту | <p>Сөздік қор.</p> <p>Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тұрмыстық заттар және қоршаган орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру;</li> <li>2) сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту;</li> <li>3) заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру;</li> <li>4) ойындарды қолдану арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы.</li> </ol> <p>Келесі дағдыларды жетілдіру:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) байланыстырып сөйлеу;</li> <li>2) жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану;</li> <li>3) әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру;</li> </ol> |

|                |   |
|----------------|---|
|                | <p>4) сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен бірге қолдану;</p> <p>5) тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруды ойындарды қолдану. Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тындау біліктерін, көлемі шағын тақпақтарды жатқа айтуда, сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру, шағын әңгімелер мен ертегілерді айтуда беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру. Ұсынылған мазмұн бойынша сахналауды үйрету.</p>                          |
| Көркем әдебиет | <p>2) мәнерлеп оқу. Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету.</p> <p>3) мазмұндау. Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету.</p>   |
| Қазақ тілі     | <p>Сөйлеуді дыбыстық мәдениеті:</p> <p>1) қазақ тілінде аитылған сөздерді мұқият тындауды, сондай-ақ, осы сөздердің дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;</p> <p>2) сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алушуды дамыту.</p> <p>Сөздік қоры:</p> <p>1) қоршаған ортада жиі қолданылатын тұрмыстық заттар, жемістер, көкөністер, құстар, табиги құбылыстар туралы білімдерін кенейту;</p> <p>2) заттардың сын-сипатын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айтуды</p> |

|                      |  |
|----------------------|--|
|                      | <p>үйрету;</p> <p>3) таныс сөздерді өмірде күнделікті қолдануды үйрету.</p> <p>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы:</p> <p>1) 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді және сөз тіркестерін құрауды үйрету;</p> <p>2) сөйлеуде зат есімнің жекеше және көпше түрін жасау білігін қалыптастыру.</p> <p>Байланыстыра сөйлеу.</p> <p>Шағын шығармаларды, өлеңдерді тындауды, түсінуді және мазмұндауды үйрету.</p>  |
| Математика негіздері | <p>Сан, санау:</p> <p>1) 5 көлемінде санау, заттарды ұлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. Сандарды реті бойынша атауға және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Бірінің астына бірі 2 қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету;</p> <p>2) теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес;</p> <p>3) теңді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?»</p> |

|                            |   |
|----------------------------|---|
|                            | <p>сұрақтарына жауап беруге үйрету;</p> <p>4) 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, «Нешінші?», «Саны бойынша қайсысы?» сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту;</p> <p>5) сандық топты белгілей отырып, 5-ке дейінгі сандармен таныстыру. Эртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын дамыту (көру, есту, иіс сезу). Тура және кері бағытта 5 көлемінде санатып жаттықтыру.</p> <p>Шама.</p> <p>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру;</p> <p>2) биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру; 3) шаманы салыстыруда беттестіру және тұстастыру тәсілдерін қолдану.</p> |
| Қоршаған ортамен таныстыру | <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:</p> <p>күзгі, қысқы табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту;</p> <p>адамдардың күзгі, қысқы әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру.</p>  |
| Құрастыру                  | Қағаздан құрастыру.   |

|            |  |
|------------|--|
|            | <p>Қағаздан құрастыруды үйрету: қағазды тікбұрышты парагын жартысынан бүктеп,</p> <p>бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу.</p> <p>Қағаз парагын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту.</p>         |
| Сурет салу | <p>Сюжеттік сурет салу:</p> <p>1) қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>2) қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге машиқтандыру.</p> |
| Мұсіндеу   | <p>3) пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып еki</p> <p>бөліктен тұратын заттарды;</p> <p>4) адамның пішінін;</p> <p>5) заттарды толық пішіні алынғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектері иілгенге дейін сырымдау.</p>  |
| Жапсыру    | <p>Сюжеттік жапсыру:</p> <p>1) барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз</p>  |

|        |  |
|--------|--|
|        | <p>бетінде</p> <p>орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру;</p> <p>2) дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қиу дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды көлденеңінен қиу, шаршыдағы бұрыштарды қиоды бекіту.</p>   |
| Музыка | <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>2) әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атап.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>2) дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айтуды.</p> <p>арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозгалысымен көрсету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>2) марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру.</p> |

|  |   |
|--|---|
|  | <p>Билер.</p> <p>Эуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату,</p> <p>содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау.</p> <p>Ойындар, хороводтар.</p> <p>Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және</p> <p>емін-еркін әндегі, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның сонын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындаудағы би әуенін тыңдау;</p> |
|--|---|

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

| Айы    | Ұйымдастырылған<br>іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|--------|------------------------------|--|
| Қараша | Дене шынықтыру               | <ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;</li> <li>- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;</li> <li>- негізгі қимыл түрлерін: жұру мен жүгіруді, секіру мен лактыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмеледі, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;</li> <li>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;</li> <li>- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;</li> <li>- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</li> </ul> <p><b>Жүгіру:</b> аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдал жүгіру, сапта бір- бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындаі отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p><b>Кол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.</b></p> <p>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), тәмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды тәмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b></p> |

**Велосипед тебу:** екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.

**Жұзу:** суға тұсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.

### **Қимылды ойындар.**

Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды үйымдастыруды бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.

### **Дербес қимыл белсенділігі.**

Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дene шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза аудада балалардың қимылдарды орындауды үшін жағдайлар жасау.

### **Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгеністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.

«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс- әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, сұық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.

### **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.

|                 |   |
|-----------------|---|
|                 | <p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлышты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</b></p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сұртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы құндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ынғайлы, жеңіл киіммен жедетілген бөлмеде dene жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>                                    |
| Сөйлеуді дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;</li> <li>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанагаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау.</li> </ul> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуда жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді менгерту үшін тақпактар мен жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктегі мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін</p> |

|                |  |
|----------------|--|
|                | <p>сөйлеуде қолдану.</p> <p>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімелеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>                      |
| Көркем әдебиет | <ul style="list-style-type: none"> <li>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту;</li> <li>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну.</li> </ul> <p>Әдеби шығармаларды мүқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан күрастыруға баулу.</p> |
| Қазақ тілі     | <ul style="list-style-type: none"> <li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;</li> <li>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.</li> </ul> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімелеге қатысуға,</p>   |

әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізу.

### **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.

### **Сөздік қор.**

Коршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атаудағыларын қалыптастыру.

Тұыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.

Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиyrшы» аталған атаулардың олардың енбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.

### **Тілдің грамматикалық құрылымы.**

Сөздерді жіктең, тәуелден, септеп қолдана білуге үйрету.

### **Байланыстырып сөйлеу.**

Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға

|                      |  |  |
|----------------------|--|--|
|                      |  | мүмкіндік беру.  |
| Математика негіздері |  | <ul style="list-style-type: none"> <li>- заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзben өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;</li> <li>- танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;</li> <li>- сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;</li> <li>- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;</li> <li>- эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту; тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</li> </ul> <p><b>Сан, санау.</b></p> <p>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.</p> |
| Сурет салу           |  | <ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;</li> <li>- түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсендерлігін дамыту.</li> </ul> <p>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p>  |

|  |          |  |
|--|----------|--|
|  | Жапсыру  | <ul style="list-style-type: none"> <li>- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;</li> <li>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кенектүү, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.</li> </ul> <p>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қызып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.</p>  |
|  | Мұсіндеу | <ul style="list-style-type: none"> <li>- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем- эстетикалық талғамды дамыту;</li> <li>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру.</li> </ul> <p>Пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мұсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мұсіндеу. Мұсінделген заттың, фигуralардың бетін тегістеуге үйрету.</p>                       |
|  | Музыка   | <ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларға тындауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.</li> </ul> <p>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тындауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p><b>Музыка тындау.</b></p> <p>Музыканы тындау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аландамай сонына дейін тындау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Балаларды мәнерлеп ән айтуда үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимылдар.</b></p> |

|                         |   |
|-------------------------|---|
|                         | <p>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b></p> <p>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Сылдырмақтармен әуендерді ойнау.</p> <p><b>Билер.</b></p> <p>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу.</p>  |
| Құрастыру               | <ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</li> </ul> <p>Құрылыш материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.</p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлдененінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыш бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыш бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылышпен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Құрылыш бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыш жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командаламен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылышты талдау.</p> |
| Коршаған ортамен танысу | <ul style="list-style-type: none"> <li>- ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы</li> </ul>   |

|  |   |
|--|---|
|  | <p>білімдерін кеңейту;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;</li> <li>- құрдастарымен сырғайы қарым-қатынас жасауға баулу;</li> <li>- туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;</li> <li>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;</li> <li>- танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; коршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау.</li> </ul> <p><b>Байланыс және қозғалыс құралдары.</b></p> <p>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> |
|--|---|

**Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы.**

| <b>Айы</b> | <b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b> | <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>   |
|------------|----------------------------------|--|
| Желтоқсан  | Дене шынықтыру                   | <ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;</li> <li>- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;</li> <li>- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмеледірді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;</li> <li>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;</li> </ul> |

- әртүрлі ұлттық қымылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылықта баулу;

- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

**Еңбектеу, өрмелеу:** 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен турға бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.

### **Жалпы дамытушы жаттығулар.**

### ***Кеудеге арналған жаттығулар.***

Екі қолды белге қойып, онға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Онға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға енкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұгу және жазу, тәмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.

### **Спорттық жаттығулар.**

**Шанамен сырғанау:** тәбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен тәбешікке

көтерілу, тәбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.

**Шаңғымен жүру:** шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.

**Жұзу:** суға тұсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.

### **Қимылды ойындар.**

Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруды бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.

### **Дербес қимыл белсенділігі.**

Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагоген бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауды үшін жағдайлар жасау.

### **Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен үйқының қаңық болуының пайдасы туралы түсінікті көңейту. Құлап

|                 |   |
|-----------------|---|
|                 | <p>қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b></p> <p>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууга, тісін тазалауға үйрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлышты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</b></p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сұртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның ұстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен жедетілген бөлмеде дene жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p> |
| Сөйлеуді дамыту | <ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;</li> <li>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы</li> </ul>   |

ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау.

### **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.

Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді менгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.

### **Сөздік қор.**

Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.

Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.

Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.

### **Тілдің грамматикалық құрылымы.**

Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету.

|                |   |
|----------------|---|
